



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша
білім бөлімі Щучинск қаласының № 8 мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының № 8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі - мемлекеттік мекеме) білім беру, тәрбие функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға дәрежесі бар, коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.
4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).
5. Мемлекеттік мекеменің өкілетті органы болып «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі- тиісті саланың уәкілетті органы).
6. Мемлекеттік мекеменің атауы «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының № 8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. Мемлекеттік мекемесінің тұрған жері: 021700 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Оятябрьская көшесі, 232

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады, оқушылар бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оқытылатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз етеді;

13. Мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және игеруге дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген мәдениеттің жоғары деңгейі бар зияткерлік тұлғаны қалыптастыру;

2) неғұрлым қабілетті және дайындалған оқушыларға жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

3) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын игеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

5) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

6) азаматтыққа және патриотизмге, өзіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отан-Қазақстан Республикасы, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халықтық дәстүрлерді қастерлеу, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілік;

7) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқының және басқа да ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу;

9) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;

11) мектепалды даярлық сыныптарының жұмыс істеуі.

14. Мемлекеттік мекемеге қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар жоспарларды дербес таңдайды.

16. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетіндегі оң уәждемесі мен дағдыларын дамытуға бағытталған: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдылары.

17. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін игеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаны өзін-өзі анықтауға және кәсіптік бағдарлауға бағытталған.

18. Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушыларды бейін алдындағы даярлауды қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие қызметі мектеп қызметінің ерекше бағытының вариативті компоненттерін ескере отырып, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқу процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақ кестесімен реттеледі.

21. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік мекеме бекіткен, МЖМБС, санитарлық ережелер, үлгілік оқу жоспарлары және денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған Ережемен айқындалады.

22. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін оның басшысы немесе оны алмастыратын адам бекітеді.

23. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

24. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

25. Мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

26. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік мекемеде гимназиялық сыныптар мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде ашылады. Гимназиялық сыныптарды жасақтау үшін мемлекеттік мекеменің директоры бекіткен қабылдау комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына мұғалімдер, психологтар және әлеуметтік педагогтар кіреді. Мемлекеттік мекеменің гимназиясының 1-сыныбына қабылдау кезінде балалармен әңгімелесу/диагностика жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі гимназиялық сыныптарға қабылданған білім алушыны (мемлекеттік мекеменің жарғысымен, білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстырады) барлық құжаттармен таныстырады. Гимназиялық сыныптарға іріктеу мынадай критерийлер негізінде жүзеге асырылады: гимназиялық сыныпқа ауыстыру туралы өтінішпен жүгінген жағдайда, барлық қабылдау комиссиясы әңгімелесу/диагностика жүргізеді. Гимназиялық сыныптардан мынадай жағдайларда: мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде, егер білім алушының 3 пән бойынша гимназиялық сыныптарда "3" қорытынды жылдық бағасы болса; мемлекеттік мекеменің қағидалары бұзылған жағдайда; ата-анасының жеке өтініші негізінде; денсаулығына байланысты білім алушы жалпы білім беретін сыныптарға ауыстырылады.

27. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

28. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекемеде оқыту тілі қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп нысаны оқытудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

30. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде демалыс белгіленеді.

31. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауға тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға енгізілмейді.

32. Сыныптардың толымдылығы 25 оқушыдан аспайды. Шектеу іс – шараларын, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдардың карантинін жүзеге асыру, төтенше жағдайды енгізу, белгілі бір аумақта төтенше жағдайлардың туындауы жағдайында сыныптар-жиынтықтар сыныпта 15-ке дейін білім алушыны қалыптастыра алады.

33. Мемлекеттік мекемеде алқалы басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

34. Мемлекеттік мекемеден он алты жасқа дейінгі балаларды алып тастауға құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

35. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алып тастау туралы шешім қорғаншылық қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

36. Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

37. Білім алушылардың даму дәрежесін даярлау деңгейі бойынша сыныптарды жинақтауға, негізгі пәндер бойынша "жақсы" және "өте жақсы" бағалары бар және ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, оқушылардан гимназиялық сыныптарды қалыптастыруға жол беріледі. Гимназиялық сыныптарда оқу кезінде оқушылар жалпы білім беретін сыныпқа көшу құқығын сақтайды.

38. Мемлекеттік мекеменің түлектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

39. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері:

Білім алушылардың құқығы бар:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытуға

3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге.

5) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

6) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

7) адамның қадір қасиетін құрметтеуге;

8) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу және марапаттауға.

Білім алушылар міндетті:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

2) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға.

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға.

4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге.

40. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің құқығы бар:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері, Қамқоршылар кеңесі арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты білім беру ұйымдарынан ақпарат алуға;

4) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың ой-өрісі мен дене күшінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

5) көрсетілген талаптардың ережелерін орындау мектеп пен ата-ана арасындағы шарт;

41. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Педагог өзінің кәсіби қызметінде құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдардың араласуынан қорғау, оның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға әкеп соғатын кәсіби қызметке кедергі жасауға;

3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасауға;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

б) шығармашылық бастама, авторлық бағдарламалар мен оқыту мен тәрбиелеу әдістерін әзірлеу және қолдану, Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамыту және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдар мен білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеп қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымды сайлауға және атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктер мен кеңестердің, білім беру ұйымының өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;

12) біліктілікті арттыруға;

13) үздіксіз кәсіби даму және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру;

15) ұйымда бар кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, сондай-ақ кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен дерекқорларға, оқу және әдістемелік материалдарға, білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға біріктіруге;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызмет;

18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге;

19) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

Педагог қызметкер міндетті:

Педагог міндетті:

1) өз қызметі саласында тиісті кәсіби құзыреттілікке ие болуға;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтау, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге;

3) біліктілікті арттыру;

4) педагогикалық этика ережелерін сақтауға;

5) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша дағдыларды, құзыреттілікті арттыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен профилактикалық медициналық тексеруден өтуге;

7) қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына ықпал етуге;

8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) балаларды заңға, адамның (азаматтың) құқықтары мен міндеттеріне, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, ата-аналарға, үлкендерге, отбасылық құндылықтарға, елдің мәдени-тарихи құндылықтарына, оның мемлекеттік құрылымы мен рәміздеріне, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға құрмет рухында тәрбиелеуге;

10) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

11) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесінің органдарына өмірлік қиын жағдайға тап болған баланы анықтау фактілері туралы дереу хабарлауға;

12) кәмелетке толмағандардың қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, сондай-ақ ұйымдардан тыс кәсіби қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау немесе оларға қатысты фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

13) заңды өкілдердің ата-аналарына оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге кеңес беруге, оларға оқыту мен тәрбиелеу үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіруге.

Педагог білім беру процесін саяси үгіт-насихат жүргізу, білім алушыларды саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік қатыстылығы белгісі бойынша азаматтардың эксклюзивтілігін, діндер, оның ішінде білім алушыларға тарихи, ұлттық, Қазақстан Республикасы ұлттары мен ұлыстарының діни және мәдени дәстүрлеріне, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу артықшылығын не кемістігін насихаттайтын үгіт-насихат жүргізу үшін пайдалануға құқылы емес.

Педагог қызметкер, педагог атағына нұқсан келтіретін міндеттерді бұзғаны және теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

42. Мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөнінде қызметтер көрсетуге құқылы.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

43. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде жүзеге асырылады.

44. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін мәмілелер жасауға құқылы емес.

45. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

46. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

47. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзге асырады;

48. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

50. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

51. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

52. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

53. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

54. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

55. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

58. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

59. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

60. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

62. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

63. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

64. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.


65. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

66. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

67. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Басшы Жалмағалиев Т.А.

(Т. А. Ә.) қолы



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 5 января 2021 года
№ А-1/2

УСТАВ

Коммунального государственного учреждения «Школа- гимназия № 8 города Щучинск отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения.

1. Коммунальное государственное учреждение «Школа- гимназия № 8 города Щучинск отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области» (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления воспитательных, образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, Законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными нормативными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее - Учредитель).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Школа- гимназия № 8 города Щучинск отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области».

7. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 021700, Акмолинская область, город Щучинск, улица Октябрьская, 232.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки,

печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, возникающим в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

